

«Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі» КЕМ
бас директордың бұйрығымен
бекітілген
13.01.2020 жылғы №2/1-20-НҚ

Сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысының лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің (бұдан әрі – Агенттік) сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысы қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттіктің Бас директорының бұйрығымен лауазымға тағайындалады және атқаратын лауазымынан босатылады.

2. Сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысы Агенттіктің Бас директорына тікелей бағынады.

3. Сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысы лауазымына жоғары білімі, білім беру саласында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі не магистр академиялық дәрежесі бар адам тағайындалады.

4. Сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысы өз қызметінде келесілерді басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының білім беру және ғылыми қызмет саласын реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

2) Агенттіктің Сыртқы сараптама комиссиясы туралы ережені;

3) Агенттіктің білім беру ұйымдарын институционалды/мамандандырылған аккредиттеу Нұсқаулықтары мен Стандарттарын;

4) Агенттіктің аккредиттеу жөніндегі Сыртқы сарапшының әдеп нормалары кодексімен;

5) Білім беру ұйымдарын аккредиттеу процесінде сыртқы бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі басшылықты;

6) Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі басшылықты;

7) Білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарын саралаудың әдістемелік негіздерін;

8) Агенттіктің Жарғысымен, қызметін регламенттейтін Бас директордың бұйрықтарымен және өкімдерімен және осы лауазымдық нұсқаулықты.

5. Сыртқы сараптама комиссияларды қалыптастыру жөніндегі жоба басшысы Word, Excel, Power Point және Интернет компьютерлік бағдарламаларын жетік меңгеруі тиіс.

6. Өндірістік қажеттілікке байланысты сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысы қызметтік

іссапарларға шыға алады.

2. Лауазымдық міндеттері

Сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысы:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және жүзеге асыруға;

2) өзіне жүктелген міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

3) бақылаудағы құжаттардың, Агенттік басшылығы тапсырмаларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;

4) жобаның жұмыс кестесін әзірлеуге: сыртқы сараптама комиссияларының білім беру ұйымдарына сапарды;

5) семинарларды өткізу, есептерді рецензиялау кестесін жасауға;

6) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын аккредиттеуге қатысты ішкі нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуге қатысуға;

7) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын әзірлеуге қатысуға (даярлау бағыттары бойынша);

8) ұлттық білім беру сапасын қамтамасыз ету саласында әдістемелік және анықтамалық материалдар әзірлеуге;

9) білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалау және сапаны ішкі бағалау бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыруға;

10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалау рәсімін жүргізу бойынша сарапшылар үшін оқыту семинарларын ұйымдастыруға және өткізуге;

11) сыртқы сараптама комиссияларының құрамдарын қалыптастыруды үйлестіруге;

12) Агенттіктің байқаушыларынан жоғары оқу орындары бойынша олар үйлестіретін қажетті ақпаратты сұратуға;;

13) сыртқы сарапшылардың дерекқорын қалыптастыруға, сарапшылардың қызметіне байланысты барлық өзгерістерді енгізуге;

14) сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыруда байқаушыларға жәрдем көрсетуге;

15) Агенттік қызметінің стратегиялық және ағымдағы жоспарларын дайындауға қатысуға;

16) байқаушы ретінде институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде Сыртқы сараптама комиссиясының жұмысына қатысуға (білім беру ұйымына Сыртқы сараптама комиссиясына баруды ұйымдастыру және үйлестіру, сыртқы сараптама комиссиясының сапарын өткізу жөніндегі құжаттардың толық пакетін дайындау);

17) қажетті материалдарды аккредиттелген білім беру ұйымдарының

дерекқорына беруге;

18) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын/білім беру бағдарламаларын аккредиттеу туралы ақпарат дайындауға;

19) білім беру ұйымдарынан статистикалық деректерді алу үшін нысандарды тексеруге және Агенттік басшылығына бекітуге ұсынуға;

20) білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің жай-күйі мен даму үрдістеріне талдауды жүзеге асыруға;

21) сыртқы сараптама комиссиясының жұмысы бойынша материалдарды Агенттіктің веб-сайтында дайындауға және тұрақты жариялауға;

22) Агенттік басшылығының өзге де тапсырмаларын орындауға міндетті.

3. Құқықтары

Сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жоба басшысының:

1) Агенттік басшылығынан қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті барлық ақпаратты (өкімдерді, бұйрықтарды), әдістемелік, нормативтік және басқа да басшылық материалдарды алуға;

2) Агенттіктің отырыстарына қатысуға;

3) Гас директордың Агенттік қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен танысуға;

4) Бас директордың тапсырмасы бойынша білім беру ұйымдарынан, жұмыс берушілерден, қоғамдық бірлестіктерден және т. б. ақпарат сұратуға;

5) Агенттік басшылығының қарауына оның құзыретіне жататын проблемалар бойынша талдамалық анықтамалар мен қызметтік жазбалар ұсынуға;

6) білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша семинарларға, конференцияларға, оның ішінде халықаралық конференцияларға қатысуға;

7) Агенттік басшылығының келісімі бойынша шетелдік аккредиттеу және рейтинг агенттіктерінің сараптама комиссияларының жұмысына сарапшы ретінде қатысуға;

8) білім беру сапасына кепілдік беру мәселелері жөніндегі жұмыс топтарына қатысуға;

9) біліктілігін арттыруға құқығы бар.

4. Жауапкершілігі

Сыртқы сараптама комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жобаның басшысы:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында

белгіленген шекте осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамау (тиісінше орындамау);

2) құжаттардың басшылықтың қарауына уақтылы ұсынылмауына, олардың сақталуын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шекте материалдық залал келтіру;

4) өзіне бекітілген материалдық-техникалық ресурстарды ұтымсыз және ұқыпсыз пайдалану;

5) қызметтік әдеп пен еңбек тәртібін сақтамау;

6) құпия қызметтік ақпаратты жария ету үшін жауап береді.

